

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

050013, Алматы қ., Байтұрсынов к-сі, 126  
Тел.: 8(727)-2925740  
Факс.: 8(727)-2925057



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
АЛМАТИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ  
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынова, 126  
Тел.: 8(727)-2925740  
Факс: 8(727)-2925057

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20.12.13

№ 167

**2013 жылдың Азаматтық қорғаныс бойынша дайындық қорытындылары және 2014 жылдың міндеттері туралы**

2013 оқу жылындағы АҚЖТЖ бойынша дайындық келесі негізгі:

- басқарушы құрамның, қызметкерлер мен студенттердің дайындық жүйесін одан әрі дамыту мен толық жетілдіру;
- Қазақстан Республикасы АҚЖТЖ туралы заңдарының негізгі қағидаларына жан-жақты түсінік беру;
- АҚ құрамаларының, басқару ұйымдарының ТЖ тәжірибелік әрекеттеріне жоғары дәрежедегі дайындығын қамтамасыз ету;
- төтенше жағдайларда университеттің тұрақты қызмет міндеттерін шешуге бағытталған.

Көрсетілген міндеттердің орындалуы оқитындардың барлық санаттарына арналған бағдарламаларды, тапсырмалар мен баяндамаларды теориялық түрде игеру барысында жүзеге асты. Оқитындардың барлық санаттарына әр түрлі үйретулер, жаттығулар мен оқуларға дербес қатысуы дайындықтың негізгі түрі болып табылды. Университеттің барлық құрамын және АҚ құрамаларын дайындаудың негізі машықтану оқуларының жүргізілуі, бұл жерде төтенше жағдай зардаптарын жою бағытында машық алу және оны жетілдіруде ерекше көңіл бөлінді.

Басқарушы құрамнан 2 адам Алматы қаласында АҚЖТЖ даярлау орталығында дайындық курсынан өтті.

Университетте үйрету және жаттығу жұмыстарын жүргізу жоспары орындалды.

2013ж. өткізілген жоспарлы үйретулер мен жаттығулар АҚЖТЖ бойынша дайындықтың өскен деңгейін көрсетті. 25.10.2013ж. ТАҰ(тактикалық арнайы үйрету) кезінде төтенше жағдайлардың салдарын жоюда және зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуде өздерінің тәжірибелік дағдыларын жылуэнергетика факультетінен нысандық құтқару тобы, радиотехника және байланыс факультетінен санитарлық жасақ көрсетті. Тұтас алғанда бөлімшелердің

көпшілігінде оң өзгерістер байқалды. Үйретулер мен жаттығулар ұйымдасқан түрде өтті, қызметкерлер мен студенттер табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету бойынша белгілі машыққа ие болды. Құрама мүшелерімен, сондай-ақ құрамаға кірмегендермен өткізілген сабақтар ойдағыдай нәтиже берді, бұл өз кезегінде жеке құрамды табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ-дан қорғау мәселесін сапалы шешуге мүмкіндік берді.

АҚ мәселелерін шешуде салмақты үлес қосқандар:

- РТжБФ АҚ бастығы – факультет деканы У.И.Медеуов;
- ЖЭФ АҚ бастығы – факультет деканы М.У.Зияханов;
- № 2 нысандық құтқару тобының командирі - ӨЖӘ кафедрасының инженері К.К.Данабаев;
- № 1 санитарлық жасақтың командирі – ДТ кафедрасының аға оқытушысы Л.М. Петренко.

Сонымен бірге басқару ұйымдарын, АҚжТЖ құрамаларын дайындауда, университет қызметкерлері мен студенттерін үйретуде нақты кемшіліктер бар. ТАУ мен жаттығулар өткізу кезінде студенттерді басқаруда оқытушылар құрамының рөлі төмен. Кейбір оқытушылардың өткізілген сабақтарға жеңіл-желпі қарауы орын алады.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің басты себептері:

- ҚР АҚжТЖ саласындағы заңдардың талаптарын жеткіліксіз білуі.

Университет қызметкерлерін, студенттері мен оқытушыларын ТЖ қорғау мақсатында жүргізілетін іс-шаралардың уақтылы және сапалы өтуі, сонымен бірге университеттің АҚ штабының, құрамдарының дайындығын көтеру, зилзала, апаттар кезінде университетте жүргізілетін жұмыстардың тұрақтылығын арттыру мақсатында

### **Бұйырамын:**

1. Басшылық құрамның, АҚ құрамаларының, университет қызметкерлерінің, оқытушылары мен студенттерінің төтенше жағдайдың алдын алу және әрекет ету дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. 2014 жылға университеттің АҚжТЖ жүйесінің негізгі міндеттері болып мыналар есептелінсін:

- ТЖ алдын-ала ескерту іс-шараларын өткізуде басқарушы құрамның, құрама командирлерінің дағдыларын жетілдіру, залалды мүмкіндігінше төмендету, адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтау, ТЖ-да іс-әрекеттердің тұрақтылығын арттыру, құтқару және басқа жедел жұмыстарын ұйымдастыру (СидНР) және өткізу;

- қызметкерлер, оқытушылар мен студенттерге ТЖ-дан қорғанудың негізгі тәсілдерін және өзін-өзі ұстау ережелерін, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетулерін, ұжымдық және жеке қорғану құралдарын қолдануды үйрету;

- АҚ құрамасының жеке құрамын оқыту сапасын көтеру және олардың негізгі құралдармен жабдықталуын арттыру.

3. Университеттің құрылымдық бөлімшелер басшылары:

- АҚ негізгі тапсырмаларын орындау барысында ҚР АҚЖТЖ туралы заңдарын, ҚР ТЖ министрлігінің, Үкіметтің, қала және аудан әкімдерінің қаулыларын, ректордың АҚЖТЖ бойынша бұйрықтары мен жарлықтарын басшылыққа алсын;

- қызметкерлерді, студенттерді және олардың отбасы мүшелерін ТЖ болған жағдайда қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында алдын-алу және ескерту шараларын өткізсін;

- қызметкерлер мен студенттерді қорғауда жеке жауапкершілікті және оларды төтенше жағдайдағы әрекеттерге үйретуді арттырсын;

- АҚЖТЖ оқу-материалдық базасын жетілдіруді жалғастыру және одан әрі қорландыру мен жақсарту мақсатында барлық шараларды қолдансын;

- бекітілген жоспарға сәйкес апат жағдайларына дайындық жаттығуларын, сел және сейсмо жаттығулар мен үйретулерін өткізсін;

- 2013 жылдың 30 желтоқсанына дейін АҚЖТЖ бойынша жылдық жұмысты қорытындыласын және 2014 жылға міндеттер қойылысын.

4. АҚ бойынша сабақтар 2014 жылдың 06 қаңтарынан басталып, 28 қарашада аяқталсын.

5. ТЖЖАЖ бөлімінің маманы Б.А. Дарипбаев осы бұйрықты құрылымдық бөлімшелер басшыларына қол қойып жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ТЖЖАЖ бөлімінің бастығы А.В.Миненковқа жүктелсін.

АҚ бастығы – ректор



Ғ. Даукеев

АҚ штаб бастығы –  
ҒЖЖХБ проректоры



В. Стояк

Келісілді:  
ҚКС меңгерушісі



Г. Бекжигитова